

Инвестициялық преференцияларды көздейтін, инвестицияларды жүзеге асыруға арналған келісім-шарттардың шарттарын сақтаудың мониторингі мен бақылауын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2005 жылғы 9 тамыздағы N 59-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 31 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3818. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 32-п бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 32-п бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Инвестициялық преференцияларды көздейтін, инвестицияларды жүзеге асыруға арналған келісім-шарттардың шарттарын сақтаудың мониторингі мен бақылауын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2005 жылғы 9 тамыздағы N 59-п (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік нормативті құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде N 3818 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетені 2005 ж. қазан, N 19, 168 -күжат болып жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізілді.

Т ө р а ғ а

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 134-1 , 563-1-баптарын , "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабы 2-тармағын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Инвестиция комитеті туралы ережесінің 11-тармағы 2) тармақшасына сәйкес,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Инвестициялық преференцияларды көздейтін,

1. Келісім-шарттар шарттарын сақтаудың мониторингі мен бақылауын жүзеге асырудың мақсаты болып, келісім-шарт шарттарына сәйкес шарт жасасқан заңды тұлғалардың (бұдан әрі - заңды тұлға) міндеттерді орындауын бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

2. Келісім-шарттар шарттарын сақтаудың мониторингі мен бақылауы статистика жөніндегі мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген нысанда заңды тұлғалармен берілетін есеп беруді, аудиторлық қорытындыларды талдау және заңды тұлғалардың келісім шарт міндеттерін орындау мәселелері бойынша тексеруді іске асыруды қарастырады.

3. Мониторинг пен бақылау нәтижелері бойынша Комитет осы Ережеде және Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамада көзделген тиісті шараларды қабылдайды.

2. Мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру тәртібі

4. Келісім-шарттардың шарттарын сақтаудың мониторингі мен бақылауы тексерудің мынадай нысандарымен жүзеге асырылады:

- 1) инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі есептілік;
- 2) берілген аудиторлық есептіліктердің негізінде;
- 3) инвестициялық қызмет объектілеріне бару, сонымен қатар инвестициялық жобаны іске асыру жөніндегі құжаттарды қарау (барып тексеру).

5. Инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі есептілік, оның ішінде аудиторлық есептер, Заңның 21-1-бабының 1-тармағына сәйкес беріледі.

6. Жоспарлы барып тексеру Комитет Төрағасының бұйрығымен бекітілген кестеге сай, Комитет Төрағасының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

7. Жоспардан тыс барып тексеру Келісім-шарттың немесе Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасының шарттарының бұзылуы жөніндегі салық, кеден, құқық қорғау немесе жергілікті атқару органдарының ақпараттары негізінде жүргізіледі.

3. Барып тексеруді тағайындау жөніндегі акт

8. Барып тексеру мемлекеттік органның тексеруді тағайындау жөніндегі актісі негізінде ереженің 1-Қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

9. Жоспарлы тексеру жайлы заңды тұлғаға тексеруге екі аптадан кем емес уақыт қалғанда ескерту жіберіледі.

10. Барып тексеруге келген Комитеттің лауазымды тұлғасы:

- 1) барып тексеруді тағайындау жөніндегі актіні;
- 2) қызметтік куәлігін көрсетуге міндетті.

11. Барып тексерудің басталған уақыты болып, заңды тұлғаға тексеру тағайындау жөніндегі актіні табыс ету уақыты саналады.

12. Барып тексеру тағайындау жөніндегі актіні алудан бас тарту тексеруді жоюға негіз болмайды.

13. Барып тексеру тек барып тексеру тағайындау жөніндегі актіде көрсетілген лауазымды тұлғамен (тұлғалармен) ғана жүргізілуі мүмкін.

14. Барып тексеру тағайындау жөніндегі акті тек бір ғана заңды тұлғаға ресімделеді.

4. Барып тексеру нәтижелері жөніндегі акті

15. Барып тексеру нәтижелері бойынша Комитеттің тексерісті жүзеге асыратын лауазымды тұлғасы барып тексеру нәтижелері жөнінде екі дана ереженің 2-Қосымшасына сәйкес акті жасайды.

16. Барып тексеру нәтижелері жөніндегі актіге барып тексеру нәтижелерімен байланысты құжаттар немесе олардың көшірмелері қоса берілуі мүмкін.

17. Барып тексеру нәтижелері жөніндегі ескертулер мен/немесе ұсыныстар болған жағдайда заңды тұлғаның басшысы не ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы тұлғаларды жазбаша түрде білдіреді. Бұл ретте ескертулер мен/немесе ұсыныстар, тексерулер нәтижелері жөніндегі актіге қоса беріледі, бұл жөнінде тиісті белгі жасалады.

18. Заңды тұлғада бар түпнұсқа көшірмесінен басқа, қосымша көшірмелері бар барып тексеру нәтижелері жөніндегі актінің бір данасы заңды тұлға басшысына не оның міндетін атқарушы тұлғаға танысу және көрсетілген бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар қолдану үшін тапсырылады.

5. Тексеру нәтижелері бойынша қабылданатын шаралар

19. Барып тексеру нәтижелері жөніндегі Акті негізінде барып тексеру жүргізуші лауазымды тұлға келісім шарттың Жұмыс бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелері жөнінде есеп беру дайындайды.

20. Мемлекеттік заттай гранттар беру көзделген келісім шарт шарттары орындалған жағдайда, Комитет тексеру нәтижелері жөніндегі акті негізінде:

1) Заңның 18-бабының 1-тармағына сәйкес меншікке немесе жер пайдалануына мемлекеттік заттай грантты өтеусіз беру жөнінде шешім қабылдайды;

2) инвестициялық міндеттемелердің орындалуы және мемлекеттік заттай грантты жеке меншікке немесе жер пайдалануға өтеусіз беру жөнінде заңды тұлғаға жазбаша хабарлама жібереді;

3) келісім шарт немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес, мемлекеттік заттай грантты жеке меншікке немесе жер пайдалануға беруді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік мүлікті және жер ресурстарын басқару саласындағы тиісті мемлекеттік органдарға жазбаша хабарлама жібереді.

21. Келісім-шарттың талаптарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Комитет заңды тұлғаға бұзушылықтар түрі көрсетілген жазбаша

хабарлама жібереді және оларды жою үшін үш айдан аспайтын мерзім белгілейді

6. Келісім-шартты мерзімінен бұрын тоқтату

22. Заңның 22-бабының 2-тармағында қарастырылған негіздер бойынша келісім шарттың әрекеті мерзімнен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

23. Заңның 22-бабы 3, 4, 5-тармақтарында көрсетілген шараларды қолдану үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету және мемлекеттің экономикалық мүддесін қорғау мақсатында келісім шартты бұзу жөніндегі мәліметтер салық органдарына, қажет болған жағдайда кеден және басқа да мемлекеттік органдарға жіберіледі.

24. Заңды тұлғаға мемлекеттің заттай грант берілген келісім шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда:

1) Заңды тұлға оған мемлекеттік заттай грант ретінде берілген мүлікті заттай, не келісім шарт талаптарына сәйкес берілген күнгі бастапқы құнын қайтарады. Мемлекеттік заттай грантты қайтаруды заңды тұлға Комитет келісім шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдағаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заттай грантты мемлекет меншігіне қайтаруды қамтамасыз ету үшін Комитет мемлекеттік мүлікті және жер ресурстарын басқару саласындағы тиісті мемлекеттік органдарға хабарлама жібереді.

7. Әкімшілік жаза

25. Заңды тұлғаның заттай грантты Заңның 22-бабының 7-тармағында белгіленген мерзімде қайтарудан бас тартқан жағдайда, Комитет заңды тұлғаға заңмен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексiнiң 134-1, 563-1-баптарына сәйкес әкімшілік жаза қолданады.

26. Комитеттің басшысы немесе оның орынбасары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарастырып, төмендегі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) әкімшілік жаза қолдану туралы;
- 2) іс бойынша өндірісті тоқтату туралы;
- 3) айыппұл салу жөніндегі қаулыны күштеп орындату.

27. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiне сәйкес жасалады.

28. Комитет басшысының бұйрығымен анықталған Комитеттің жауапты бөлімшесі Заңның 22-бабының 7-тармағында белгіленген мемлекеттік заттай гранттарды қайтару мерзімін бұзған заңды тұлғаға қатысты түзілген ұйғарымдарды, хаттамаларды, қаулыларды және басқа шешімдерді есепке алу

журналдарын жүргізуі және сақтауы тиіс. Есепке алу журналдары тігілген, нөмірленген және Комитет мөрімен бекітілген болуы керек.

Инвестициялық преференцияларды
көздейтін, инвестицияларды
жүзеге асыруға арналған
келісім-шарттардың шарттарын
сақтаудың мониторингі мен
бақылауын жүзеге асыру

ережесіне 1-қосымша

Барып тексеруді тағайындау туралы

Акт

N _____ " ____ " _____ 200__ ж.

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
И н в е с т и ц и я к о м и т е т і

_____ негізінде, _____

(Тексерушінің аты-жөні, лауазымы, куәлігінің нөмірі)

_____ жылғы " ____ " _____ мен _____ жылғы " ____ " _____ кезең аралығындағы

_____ мекен-жайында орналасқан _____ СТН _____

(заңды тұлғаның атауы)

_____ жылғы " ____ " _____ N ____ Келісім-шартқа сай _____ жылғы " ____ " _____ мен

(тексеру кезеңі)

_____ жылғы " ____ " _____ тексерілетін кезең аралығындағы шарттарды сақтау

мәселелері бойынша _____ тексеру жүргізуді тапсырады.

(тексеру түрі)

Төраға:

(Қолы) _____ (Комитет Төрағасының аты-жөні)

М.О.

А к т і м е н _____ ж әне _____ т е к с е р у д і ң

басталуымен таныстым: _____

(Қолы мен мөрі) _____ (Заңды тұлға басшысының
аты-жөні)

200__ жылдың " ____ " _____

Инвестициялық преференцияларды
көздейтін, инвестицияларды
жүзеге асыруға арналған
келісім-шарттардың шарттарын
сақтаудың мониторингі мен
бақылауын жүзеге асыру

ережесіне 2-қосымша

Барып тексеру нәтижелері туралы

Акт

_____ сәйкес, 200_жылдың "___"_____ мен
(барып тексеру тағайындау туралы актінің реквизиттері)

200_жылдың "___"_____ аралығында Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Инвестиция комитетінің _____
(Тексерушінің аты-жөні, лауазымы, куәлігінің нөмірі)
_____ мекен-жайында орналасқан _____ СТН _____
жылғы "___"_____ N __ Келісім-шарттың __жылғы "___"_____ мен
__жылғы "___"_____ тексерілетін мерзім аралығындағы шарттарын сақтау мәселелері бойынша _____ өткізілген тексеру нәтижесінде _____
(тексеру түрі) (бұзушылықтар табылмады)

_____ немесе тиісті тармақтар, баптар, заңнамалар нормалары және/немесе келісім-шарттарға сүйену арқылы табылған бұзушылықтар туралы

_____ мәліметтерді және құжаттар реквизиттерін көрсету; мәліметтерді көрсету; Заңды тұлға Актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда

_____ тексерушінің тиісті нұсқасы)

Қ о с ы м ш а :

1 . _ _ _ _ _

2. _____
_____, _____ 200_ жылғы "___"_____ айында _____
Қолы) (Аты-жөні) (Акті жасалған орын)

жасалған.

Тексеруге берілген құжаттардың түпнұсқасын куәландырамын, жауапкершілігім жөнінде ескертілдім. Тексеру нәтижелерімен таныстым.

_____ (жүргізілген тексеру бойынша ескерту және/немесе ұсыныс)

_____ (қолы, күні және мөрі) _____ (тексерілген заңды тұлға басшысының аты-жөні)

Тексерудің нақты жүргізілген уақыты 200_жылғы "___"_____ мен 200_жылғы "___"_____ аралығындағы.